

Онлайн платформада «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасы қатысушыларын тіркеу және жеңімпаздарды мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

1. Қатысушыларды тіркеу тәртібі

1. Олимпиадаға соңғы екі оқу жылында Қазақстан Республикасының ауыл мектептерінде білім алып жатқан 5 және 6 сынып оқушылары қатыса алады. Егер оқушы талаптардың кем дегенде біреуіне сәйкес келмесе, онда олимпиадаға қатысу мүмкін емес.

2. Бұрын Олимпиадаға қатысқан ауыл мектептерінің 6-сынып оқушылары олимпиадаға қатысуға қайта өтінім беруге құқылы.

3. Олимпиадаға қатысу үшін барлық қатысушылар нұсқаулыққа (1-Қосымшаға) сәйкес биылғы жылдың 30 күнтізбелік күні ішінде <https://1000bala.elbasyacademy.kz/> онлайн-платформада тіркеуден өтеді.

4. Тіркеу кезінде оқушы, оның ата-анасы (заңды өкілі) тиісті жолында ЖСН енгізу қажет. ЖСН енгізгеннен кейін оқушы туралы ақпарат көрсетіледі, оны салыстырып тексеру қажет. Одан кейін телефон нөмірін растау үшін СМС-код жіберілетін телефон нөмірін көрсету қажет. Сондай-ақ ата-аналардың байланыс деректерін көрсету, тестілеуді тапсыру тілін таңдау және құпиясөз орнату қажет.

5. Егер онлайн-платформада тіркелу кезінде оқушының ЖСН табылмаса, алайда ол қатысушының шарттарына сәйкес келсе, онда өтінім жеке тәртіппен қаралады: үлгіге сәйкес (2-Қосымша) ұйымдастырушының электрондық мекенжайына оқу орны басшысының қолы қойылған, соңғы екі жылда ауыл мектебінде оқитынын растау үшін анықтама жолдау қажет.

6. Мұндай өтінімдерді қарау мерзімі тіркеу аяқталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей қарастырылады. Осы өтінімдерді сәтті өңдеу кезінде қатысушы осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген тәртіпте тіркеу процесінен өтуі қажет.

7. Былтырғы Олимпиаданың 2-кезең жеңімпаздары, ағымдағы олимпиаданы өткізу кезінде ауыл мектептерінің 6-сынып оқушылары Олимпиаданың 2-кезеңіне жіберіледі. Жеңімпаз-қатысушыларға 1 кезеңіне тіркелу және тестілеуден өту талап етілмейді.

2. Жеңімпаздарды мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

8. Олимпиаданың 2-кезеңі жеңімпаздарына дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерге (бұдан әрі – ДБММ) қабылдау мүмкіндігі беріледі.

9. Мамандандырылған білім беру ұйымы Олимпиада жеңімпаздары үшін 7-сыныпқа қабылданатын білім алушылардың жалпы санының он пайызы мөлшерінде квота бекітеді.

10. Олимпиаданың онлайн-платформасындағы мектептер тізіміне мамандандырылған мектеп бекіткен квоталарына сәйкес орындардың болуы туралы мәліметтер енгізіледі.

11. Мектепті таңдау үшін Олимпиада жеңімпаздар мектептер туралы толық ақпаратты жеке кабинетінен көре алады, сонымен қатар, интернатта орынның болуы туралы да ақпарат қолжетімді. Мектепті қарап, таңдағаннан кейін жеңімпаз онлайн-платформадағы жеке кабинетте оқуға түсуге өтініш беру керек.

12. Тестілеу кезінде 2 кезеңнің ең жоғары балын жинаған жеңімпаздарға ұйымдастырушы белгілеген мерзімде мамандандырылған білім беру ұйымын таңдауға басым құқық беріледі.